**Болашақ ауылдық округі қоғамдық келісім кеңесінің жиналысының Хаттамасына қосымша**

**ХАТТАМА** **ПРОТОКОЛ**

**24.12.2025 жыл**
**сағат 15:00** **№6/1**

**Болашақ ауылы** **село Болашак**

**Болашақ ауылдық округі елді мекендеріне жарықтандыру жұмыстарына бір көзден сатып алу тәсілін қолдану арқылы мемлекеттік сатып алуларды өткізу жөніндегі комиссияның отырысы**

**Төраға :** Имангалиев Жұма
**Хатшы:** Умирова Камария
**Қатысқандар:**
Жергілікті қоғамдық келісім кеңесінің мүшелері Т.Кереев, Ғ.Сахметов;
Болашақ ауылдық округінің әкімі Берденов Артур Амантайұлы.
Елді мекен ауылнайлары А.Қанатұлы, А.Исмуханов

## КҮН ТӘРТІБІ

Болашақ ауылдық округі елді мекендеріндегі жарықтандыру жұмыстарына бір көзден сатып алу тәсілін қолдану арқылы мемлекеттік сатып алуларды өткізу жөнінде

**ТЫҢДАЛДЫ:**

**А. Берденов – Болашақ ауылдық округінің әкімі** – Болашақ ауылдық округіне қарасты елдімекендеріндегі тұрғындардың сұраныстарына сәйкес аппараттың ішкі үнемделген 390 мың теңге қаражатына жалпы жұмыстарды сапалы әрі ұқыпты орындайтын мердігерлер қазіргі таңда тапшы екенін туралы, осы ретте Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу заңының» 16 бап 3-тармақ 28-тармақшасына сай аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспаса «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу өткізуге болатындығы жөнінде айта отырып, Казталов ауданында жалпы елді мекендерді абаттандыру бағытында жөндеу жұмыстарын жасап жүрген мердігер ЖК «Машанова» басшысы Машанова

Гульжиян Сагингалиевамен 390 метр жалпы сомасы 390 мың теңге болатын темір труба сатып алуға келісім шартты жасау үшін жиналысқа қатысушылардан өз пікірлерін ортаға салуды сұрады.

**СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:**

**А.Исмуханов-** Аққурай елді мекені ауылнайы, Үнемделген қаражаттан жарық шамдармен, кабель желісін алған дұрыс алдағы уақытта қажет болады. Жеке кәсіпкер «Машановамен» шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды ұсынар едім. Себебі жұмыстар құны «Мемлекеттік сатып алу» Заңында басшылыққа ала отырып жұмыстардың сомасы 4000 айлық есептік көрсеткіштен аспайтынын ескере отырып, ол мекеме аудандық көлемде сенімді, әрі жұмыстарын сапалы, уақытылы атқаратын мекеме ретінде танылған.

**А.Даулетов** – Көпкүтір елді мекені ауылнайы ,– Мен де **А.Исмухановтың** сөзін қолдаймын, жарық шамдары қажет өткені сымдар ескі тозығы жеткен, көп жерде жарық шамдары жоқ екенің есепке ала отырып «Бір көзден сатып алу тәсілімен» мемлекеттік сатып алуларды өткізу жөн деп ойлаймын.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

Жиналысқа қатысушылардың бәрі осы ұсынысты бірауыздан қолдап, Болашақ ауылдық округіндегі саябақты ағымдағы жөндеу жұмыстары бір көзден сатып алу тәсілін қолдану арқылы мердігер ЖК "Машановамен" мемлекеттік сатып алулар порталында «Бір көзден сатып алу» тәсілімен келісім-шарт жасауды қажет етеді.

**Қоғамдық келісім кеңесі төрағасы** **Ж.Имангалиев**

**Қоғамдық келісім кеңесі хатшысы** **К.Умирова**